



# ҮЗДІК КЕЙСТЕР ЖИНАҒЫ





**CISC**  
Civil Initiatives Support Center



**SAÝLYQ**  
birgemiz



**Qazaqstan**  
Medısına  
Jastary

2022 жылы денсаулық сақтау саласына волонтерлерді тарту, науқастарды күтуге, оның ішінде хоспистерде, онкологиялық диспансерлерде және т.б. көмек көрсету бойынша «Birgemiz:Saulyq» жалпыұлттық жобасын іске асыру кезінде 29 шағын грант еліміздің барлық аймақтарындағы волонтерлік бастамаларды қолдау мақсатында жүзеге асты.

Шағын гранттарды жүзеге асырған 11 үкіметтік емес ұйым мен 18 волонтерлік бастамашыл топтар жалпы саны 1000-ға жуық волонтерлерді қамтып, 3000-нан аса адамдарға әлеуметтік, медициналық, заңгерлік көмектер көрсетті. Солардың ішінде 9 жоба ауылдық жерлерде жүзеге асты.

Сіздердің назарларыңызға шағын гранттардың ішінде үздік деп танылған кейстерді ұсынамыз.



Бұл жинақ «Birgemiz:Saulyq» жалпыұлттық жобасының аясында, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КеАҚ-ның гранттық қолдауымен жасалынды.

УДК 616

ББК 51

ISBN 978-601-305-502-2

## «Көмек қолын созу мүмкіндігі» жобасы

**Жоба жетекшісі: Ермекбаева Алуа Асетовна.**

**Аймақ: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы.**

**Мақсаты: «Жансая» ауыр науқастарға мейірбикелік күтім клиникасындағы науқастарға әлеуметтік, медициналық, физикалық, психологиялық көмек көрсету.**

**Волонтерлер саны: 68 волонтер**

**Бенефициар саны: 45 науқас**



Қарағанды қаласының медициналық университеті мен колледж волонтерлері өздерінің аймақтарында орналасқан «Жансая» ауыр науқастарға мейірбикелік күтім клиникасында 5 ай бойы тұрақты түрде волонтерлік көмектерін көрсетті. Бұл мекемеде терминалды сатыдағы қатерлі ісік және басқа да аурулары бар науқастар паллиативті медициналық көмек алады.



Волонтерлер ауыр науқастарға медициналық көмек: дәрі-дәрмектерін беру, жеке гигиеналық процедураларға жәрдемдесу, психологиялық кеңестер берілді, әлеуметтік көмек: жөргектер, тонометрлер, төсек жамылғылары сыйға тартылды, физикалық көмек: бөлмелердегі тазалық шараларын жасауға, уақытылы төсек-орындарды ауыстыруға үлкен жәрдемдерін тигізді.



Бұл жоба волонтерлерге тәжірбиелік, коммуникативтік дағдыларын және болашақ медицина қызметкерлерінің бойындағы адамгершілік, мейірімділік қасиеттерін дамытуға үлкен үлес қосты. Шағын гранттың арқасында волонтерлер арнайы футболкалар жасатты, науқастарға арналған мәдени іс-шаралар жасау үшін музыкалық орталық сатып алынды. Науқастар және клиника әкімшілігінің тарапынан көрсетілген көмектер үшін волонтерлерге алғыс айтылып, жобаның келесі жылы да өз жалғасын табатынына сенім білдірді. Сонымен қатар, жоба Қарағанды облысында өткен аймақтағы жүзеге асқан үздік жобалардың таныстырылымына қатысып, ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, облыс әкімдігі мен тұрғындары, мәжіліс депутаттарының оң бағасына ие болды.



## «Жақсылық ілмектері» жобасы

**Жоба жетекшісі: Баранкова Ирина Ивановна.**

**Аймақ: Қостанай облысы, Рудный қаласы.**

**Мақсаты: «Рудный қалалық Орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымданған және психикасы бұзылған балаларға арналған мамандандырылған балалар үйі» және Рудный қаласының перинаталдық орталығының нәрестелеріне жібек матадан тоқылған киімдер мен заттармен көмек көрсету.**



**Волонтерлер саны: 13 волонтер.**

**Бенефициар саны: 35 науқас, 2 медициналық мекеме.**

Рудный қаласының 28 ілмек клубының волонтерлері шала туылған балалардың және психикасы бұзылған, ОЖЖ-нің органикалық зақымдануы бар науқастарға көмектерін көрсетті. Жоба барысында тәжірибелі волонтерлер жаңада қосылған волонтерлерге нәрестелерге арналған заттарды тоқуды үйретіп, бірлескен түрде міндеттерді орындауға кірісті. Шағын грантқа бөлінген қаражаттарға бұйымдарды жасауға арналған заттар сатып алынды.



Волонтерлер «Рудный қалалық Орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымданған және психикасы бұзылған балаларға арналған мамандандырылған балалар үйіне» келесідей тоқылған заттарды сыйға тартты:

- Жұқа киізден жасалған дамыту кітапшасы – 2 дана.
- Балаларға арналған шұлықтар – 20 жұп.
- Балаларға арналған қолғаптар – 20 жұп.
- Балаларға арналған бас киім – 9 дана.
- Саусақ театры – 27 ойыншық.
- Тактильды бақша – 15 көкөніс, 18 жеміс-жидек, 22 саңырауқұлақ.



Рудный қаласының перинаталдық орталығына төмендегі заттар сыйға тартылды:

- Шала туылған балаларға арналған жинақ (жамылғы, шұлықтар, бас киім, жилет) – 35 жинақ.
- Кувезге арналған жібектен тігілген жамылғы – 3 дана.

Аталған мекемелер Рудный қаласының 28 ілмек клубының волонтерлеріне зор алғыстарын білдіріп, жұмыстарына сәттілік тіледі. Жобаның арқасында салмағы 500 граммнан басталатын шала туылған балалар тезірек жетіліп, дамуына үлкен мүмкіндіктер жасалынды. Сонымен қатар, ТВС Рудный телеарнасында бейнесюжет көрсетіліп, аймақтық Магнетит және Рудненский рабочий газет беттерінде жоба жайлы мақалалар жарияланды.

## «Біз жақынбыз» жобасы

**Жоба жетекшісі: Грохотова Ирина Владимировна.**

**Аймақ: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы.**

**Мақсаты: Қарт адамдар, зейнеткерлердің артериалдық қан қысымын, қандағы глюкоза мөлшерін үй жағдайында анықтау және медициналық кеңестер беру.**

**Волонтерлер саны: 45 волонтер.**

**Бенефициар саны: 27 науқас**



Өскемен жоғары медициналық колледжінің волонтерлері зейнеткерлер, қарт адамдар, жалғыз басты ата мен апаларға көмектерін көрсетті. Жоба барысында медициналық волонтерлер бенефициарлардың үйлеріне барып, тонометрлердің көмегімен артериалдық қан қысымдарын өлшеп, глюкометрмен капиллярдағы глюкоза мөлшерін анықтап, медициналық кеңестерін берді. Шағын грантқа бөлінген қаражатқа тонометрлер, глюкометрлер және тест-жолақтары сатып алынды.



Жоба аясында 27 науқас волонтерлерден медициналық көмек алып, жүрек-қан тамырлар аурулары, қант диабеті сынды әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу жайлы мәліметтер алды. Аталған жоба науқастарға ұзақ уақыт бойы емханаларда кезекте тұрмай, өз денсаулықтары туралы ақпарат алуға мүмкіндік туғызды.

Медициналық волонтерлер жобаны ары қарай да жалғастырып, қарт адамдарды өздерінің қамқорына алды. Бұл олар үшін медициналық дағдыларды қалыптастырып, дамытуға, науқастарды қарап-тексеру машықтарын алуға жәрдемдесті.





## «Дені саудың – жаны сау» жобасы

**Жоба жетекшісі: Суингариева Айдана Бердешевна.**

**Аймақ: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы.**

**Мақсаты: Ақтөбе облысының мүмкіндігі шектеулі балаларына қолдау көрсету және шеберлік сабақтарын ұйымдастыру.**

**Волонтерлер саны: 20 волонтер.**

**Бенефициар саны: 50 науқас**



Кеңес одағының батыры М.Мәметова атындағы Ақтөбе жоғары медициналық колледжінің және облыстық фронт-офис волонтерлері мүгедектігі бар науқастарға көмектерін көрсетті. Жоба барысында «Қызыл Жартый Ай» қоғамының Ақтөбе облыстық филиалында волонтерлер алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша арнайы тренингтен өтіп, мүгедек балаларға арнайы шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Шағын грантқа бөлінген қаражаттарға волонтерлерге арнайы футболкалар жасалынды, шеберлік сабақтарына қажетті заттар, медициналық бетперделер мен қолғаптар сатып алынды.





Жоба аясында 50 мүгедектігі бар балаларға «сурет салудың техникалары» атты балаларға арналған шеберлік сабағы, қаладағы әлеуметтік-мәдени орындарға экскурсия, балаларға кулинария бойынша шеберлік сабағы, балаларға бургер мен лимонад жасаудан шеберлік сабақтары жасалды.



Ерекше қажеттілігі бар балалар мен олардың ата-аналарына бұл жоба үлкен көмегін тигізді. Олар аталған жобаның келесі жылы жалғасын табатынына сенім білдірді. Волонтерлер үшін мүгедектігі бар балалармен жұмыс олардың қызметіндегі алғашқы тәжірибелері сәтті өтіп, өздерінің әлеуметтік әсерін көрсетті.



## «Маған сен» жобасы

**Жоба жетекшісі: Абуали Мухтарали Муратович.**

**Аймақ: Жамбыл облысы, Тараз қаласы.**

**Мақсаты: Тараз қаласындағы емханаларда диспансерлік есепте тұрған және ауруханадан кейін күтімді қажет ететін науқастарға көмек көрсету.**

**Волонтерлер саны: 65 волонтер**

**Бенефициар саны: 300 науқас**



Жамбыл жоғары медициналық колледжі, Тараз-Болашақ медициналық колледжі және тағы да басқа аймақтық оқу орындарының волонтерлері ауруханалар мен емханалардың науқастарына көмектерін көрсетті. Жоба барысында волонтерлер қалалық емхананың дәрігерлері медициналық көмек бойынша оқытудан, психолог науқастармен жұмыс істеу кезіндегі коммуникативтік дағдылар тренингінен, салауатты өмір салты дәрігерінің аурулардың алдын алуы, реабилитациясы жайлы семинарлардан өтті.



Арнайы дайындықтан өткен волонтерлер емханаларда диспансерлік есепте тұрған, мүгедектігі бар және ауруханаларда күрделі оталардан кейін шыққан бенефициарлардың үйлеріне барып, денсаулық жағдайларын біліп, артериалдық қан қысымын өлшеп, жүректің жиырылу және өкпенің тыныс алу жиіліктерін, пульсоксиметрдің көмегімен қандағы оттегі мөлшерін анықтады. Фонендоскоп көмегімен жүрек пен өкпе қызметтерін тексеріп, уқалау процедураларын жүргізді. Шағын грантқа бөлінген қаражатқа волонтерлерге арнайы жейделер, шопперлер сатып алынды және сертификаттар мен дипломдар жасалынды.

Жоба аясында 300 науқас 65 волонтерлерден медициналық көмек алды. Аталған жоба медициналық қызметкерлердің жұмысына үлкен жәрдемін тигізді, себебі маманның тапшылығынан, тиісті дәрежеде науқастарға патронаж жасауға мүмкіндік бола бермейді.

Жобаның үздік волонтерлері дипломдармен марапатталды. Олар бір ай бойы 9 мүгедек баласы бар отбасымен жұмыс істеді. Бұл жоба болашақ дәрігерлерге өз қызметінің бірінші тәжірбиелік бөлігінен өтуге мүмкіндік береді, яғни науқастармен тікелей байланыс және тікелей жұмыс.



Жоба туралы мақалалар облыстық жастар саясаты басқармасының, жастар ресурстық орталықтың парақшаларында және ақпараттық порталдар мен агенттіктерде жарияланды.



## «Жанға сыйла – жылулық» жобасы

**Жоба жетекшісі: Ұзаққалиева Назерке Мұрагерқызы**

**Аймақ: Астана қаласы.**

**Мақсаты: Астана қаласындағы хоспистер мен қарттар үйіндегі науқастарға медициналық, әлеуметтік көмек көрсету.**

**Волонтерлер саны: 100 волонтер.**

**Бенефициар саны: 180 науқас**



Астана медицина университетінің волонтерлері хоспис пен қарттар үйінің науқастарына көмектерін көрсетті. Жоба барысында волонтерлер «AMARA хоспис» паллиативті көмек және мейірбикелік күтім орталығындағы ауыр жағдайда жатқан науқастарға медициналық көмек көрсетілді. Сонымен қатар, «Благодать NS» қарттар үйіндегі ата-апаларға әлеуметтік көмек түрінде жәрдемдесті.

Волонтерлер паллиативті көмекке мұқтаж науқастармен тұрақты түрде жұмыс істеп, оларға психологиялық көмек көрсетіп, қолдау білдірді. Жараларды өңдеп, терінің ойылуына қарсы профилактикалық шаралар жасап, таңуға, дәрі-дәрмектерін беріп, тамақтандыруға, гигиеналық процедураларды орындауға және бөлмелерді жуып, тазалауға қолғабыс болды.



Қарттар үйіндегі ата-апаларға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында краундфандинг арқылы жанашыр жандардан 210 000 теңге көлемінде қаражат жиналды. Бұл ақшаға волонтерлер 50-ден аса қарияға сыйлықтар алып, Республика күніне орай мерекелік дастархан жайды. Одан бөлек, волонтерлердің күшімен арнайы концерт ұйымдастырылып, қарттарға жақсы көңіл-күй сыйлады. Аталған іс-шараға, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы, Астана медицина университетінің өкілдері қатысты.



Шағын грантқа бөлінген қаражатқа волонтерлерге арналған жабдықтар (жилет, кітапша, қалам, бейдж) сатып алынды. Бұл жоба, волонтерлер үшін медицина саласындағы үлкен жетістігі, білімдерінің тәжірибе жүзінде жүзеге асуы, болашақ дәрігер ретіндегі жасаған алғашқы игі істері деп айтуға болады. Алдағы уақытта аталған жобаны іске асыру үшін жеке кәсіпкер қаржылай жәрдем беруге келісімін беріп, тұрақты түрде жүзеге асырылады.



## «Jas Ana» жобасы

**Жоба жетекшісі: Танакулова Эльвира Ералықызы.**

**Аймақ: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы.**

**Мақсаты: Жас аналарға жаңа туған және босанғаннан кейінгі кезеңде бала күтімі бойынша көмек көрсету.**

**Волонтерлер саны: 91 волонтер.**

**Бенефициар саны: 27 573 қаралым (онлайн жоба).**



Нәзік жандылар үшін жаңа туған және босанғаннан кейінгі кезең өміріндегі өте маңызды уақыттардың бірі деп айтуға болады. Әсіресе, егер бұл бірінші жүктілік болса, ол өте күрделі кезең, өйткені жас ана ағзадағы гормональды өзгерістермен бетпе-бет келеді және ол үшін нәрестенің күтімі белгісіз дүние болып есептеледі. Ақылы курстарға көп адамдардың қаржылық мүмкіндіктері жетпегендіктен, аталған жобаның әлеуметтік маңыздылығы өте жоғары.

**педиатр\_елвира**  
Петропавловск

**АКНЕ НОВОРОЖДЕННЫХ (МЛАДЕНЧЕСКОЕ АКНЕ, МЛАДЕНЧЕСКИЕ УГРИ)**  
Развивается в 2-3 недельном возрасте.

**ПРИЧИНА:**  
Вызывается стимуляцией салювых желез новорожденного, материнскими и эндосальными андрогенами (половыми гормонами), которые присутствуют в организме малыша, колонизация грибом Malassezia furfur.

**КАК ВЫЛЕЧИТЬ:**  
На лице есть - небольшие папулы(узелки, прыщи). Не вызывает зуд. Могут перерасти в прыщи и сыпь.

**ЛЕЧЕНИЕ:**  
Акне проходит самостоятельно к 4 месяцам жизни. Единственное, что требуется от родителей - правильное гигиена и уход. Не мариновать во в моем случае. Если дерматит более 4 месяцев, то используются лосьоны с содержанием противомикробных средств, при более тяжелой течении - гормональные, противогрибковые мази.

@pediatr\_elvira

Нравится qazmed\_jastary и еще 68 pediater\_elvira Запомните дорогие мамочки, если ребёнка обсыпало , то это не о... ещё

26 июля

**педиатр\_елвира**  
Петропавловск

**КАКОЙ ЖЕ НУЖЕН УХОД ЗА ПУПКОМ?**

Во всем мире принято «сухое ведение пуповинного остатка»:

- перед тем как прикоснуться к телу новорожденного, необходимо вымыть руки с мылом;
- стараемся лишний раз не задевать пупок;
- обеспечить доступ воздуха к пупку, подворачиваем верхний край подгузника;
- стараемся не мочить пупок.
- если попали отходы жизнедеятельности(моча,каловые массы), промываем с водой, промокнув чистой пеленкой насухо.
- не мешаем нормальной микрофлоре делать свое дело: не используем антисептики (зеленку, бетадин, перекись, спирт, марганцовку).

@pediatr\_elvira

Нравится birgemiz.saulыq и еще 54 pediater\_elvira Про пупок новорождённого👉. Читаем и запоминаем 👍. Малыш... ещё

Смотреть все комментарии (3)

**педиатр\_елвира**  
Петропавловск

Самый обсуждаемый вопрос среди мам, частые обращения в медучреждения, когда это не нужно.

Удивительно насколько пристально и тщательно исследуются какашки маленького ребеночка.

Бывает сложно принять, что у здорового ребенка, стул, может быть, любых оттенков - желтого, зеленого, коричневого. Что он может иметь любую консистенцию и запах. И все это будет нормой.


@pediatr\_elvira

Нравится qazmed\_jastary и еще 45 pediater\_elvira «КАКАШКИ БЫВАЮТ РАЗНЫЕ ...»... ещё

Смотреть все комментарии (2)

24 июля

Instagram әлеуметтік желісінде Петропавл жұртшылығына танымал @sko\_gazeta, @petro\_smi, @dtp\_sko парақшаларында жоба жайлы ақпараттар жарияланды. Дәрігер-педиатрдың жеке парақшасында «Жаңа туған нәрестенің кіндігі», «Түрлі-түсті нәжіс», «Сәбидің терісі», «Емізу. Мифтер мен деректер», «Күлгін жылау кезеңі» тақырыптарына әдістемелік нұсқаулықтар, кеңестер жазылды. Акушер-гинекологпен «Жүктілік» және дәрігер-аллергологпен «Балалардағы атопиялық дерматит» тақырыптарының аясында тікелей эфир өткізіліп, жоба бенефициарларының сұрақтарына жауап берілді.



Жас аналарға толық ақпараттарды жеткізу мақсатында арнайы Youtube канал ашылып, өзекті мәселелер мен сұрақтарға байланысты видеолекциялар түсіріліп, жүктелді. Ол төмендегі тақырыптарды қамтыды:

- Жаңа туған нәрестеге күтім жасау.
- Жаңа туған нәрестелердің өтпелі жағдайы.
- Жаңа туған нәрестенің физиологиялық сарғаюы.
- Асқазан-ішек жолдарының функционалдық бұзылыстары.
- Емізу және сол кездегі диета.

Облыс волонтерлеріне шұғыл жағдайлардағы алғашқы медициналық көмек көрсету қағидалары бойынша онлайн тренингтер ұйымдастырылды. Әлеуметтік желілер арқылы дәрігер-педиатр жас аналарға, жүкті әйелдерге, жүктілікті жоспарлап жүрген қыздарға жеке онлайн кеңестер жүргізілді.

Шағын грант медициналық волонтерлік саласындағы алғашқы онлайн жобалардың бірі болып саналады.



## «Қауіпсіз қызмет» жобасы

**Жоба жетекшісі: Хасенов Даурен  
Алмасулы.**

**Аймақ: Абай облысы, Семей қаласы.**

**Мақсаты: Қала көлеміндегі өмірге қауіпі жоғары өнеркәсіп орындары қызметкерлеріне арналған ауқымды түрде медициналық алғашқы көмек көрсету қызметін үйрету.**

**Волонтерлер саны: 17 волонтер.**

**Бенефициар саны: 500 жұмысшы.**

Семей медицина университетінің волонтерлері Абай облысында орналасқан зауыт, фабрика жұмысшыларына арналған медицинадағы алғашқы көмек көрсету тренингтерін өткізді. Тренингке «Семей цемент зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өндірістік компаниясының, «DAEWOO BUS KAZAKHSTAN» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі зауытының, «СемАз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өндірістік компаниясының жұмысшылары белсенді түрде қатысты.

Қала көлеміндегі зауыт, фабрикалардағы медициналық білімі жоқ қызметкерлер, жұмыс барысында қандай да болмасын туындаған денсаулыққа байланысты оқиғаларда алғашқы көмекке байланысты арнайы дайындықтан өтті. Бұл дегеніміз, оқиға орын алған мекемеге медицина қызметкерлері келуіне дейін науқасқа көмек көрсетіледі деген сөз. Яғни,экологиялық зияны жоғары және қауіпсіздік ережелері сақталмауы мүмкін жерлердегі адам денсаулығын дер кезінде сақтап қалу мүмкіндігі жоғарлайды.



Шағын грант қаражатына волонтерлерге арналған арнайы киімдер, жоба туралы баннерлер жасалынды және ұйымдастырылған іс-шаралар жайлы видеороликтер дайындалды. Сонымен қатар, тренингтерде Семей медицина университетінің қолдауымен медициналық манипуляцияларды көрсетуге, жаттығуға арналған манекендер пайдаланылды.



Зауыт пен фабрика басшылығы, жұмысшылары аталған жобаға оң бағасын беріп, тренингтер жоғарғы деңгейде өткенін хабарлады. Жоба алдағы жылдары да өз жалғасын тауып, өңірлерінде орналасқан басқа да мекемелерде алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша арнайы тәжірбиелік оқытуларды жалғастыру жоспарлануда.



## «Құрманғазы ауданының шалғай елді мекендерге медициналық көмек» жобасы

**Жоба жетекшісі: Абдуллаев Азамат – «Құрманғазы-Туған жер» қоғамдық қорының директоры.**

**Аймақ: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылы.**

**Мақсаты: Құрманғазы ауданының шалғай елді мекендеріндегі науқастарға көмек көрсету.**

**Волонтерлер саны: 103 волонтер.**

**Бенефициар саны: 150 науқас.**



«Құрманғазы-Туған жер» қоғамдық қорының волонтерлері Атырау облысы Құрманғазы ауданының шалғай елді мекендеріндегі науқастарға автоволонтерлердің көмегімен медициналық кеңестер қолжетімді бола түсті. Аудандағы Теңіз, Нұржау, Жұмекен, Еңбекші ауылдық округтерінің дәрігерлік-амбулаториялық пункттердің медициналық қызметкерлерімен танысып, жоба жайлы кең көлемде ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Жоба барысында аудан орналасқан Qazaq Oil жанармай бекетінен қажетті кезде автоволонтерлер жанармай құйып, науқастарды ауданға, медициналық қызметкерлерді ауданнан ауыл-аймақтарға жеткізу бойынша жұмыстар атқарды.



Құрманғазы аудандық ауруханасының басшылығымен ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылып, жобаның міндеттерін орындауға қолдау көрсететіндіктерін жеткізді. Жоғарыда аталған шалғай ауылдар өте қашықтықта орналасқан, дер кезінде шақыртуларға бара алмай жататын, осы жоба аясында автоволонтерлер тынымсыз еңбек еткеннің нәтижесінде, науқастарға үлкен көмек көрсетілді, медицина мамандарына дер кезінде жету үлкен мүмкіндік болды.



Жұмекен ауылындағы тұратын медицина саласындағы ардагерлермен кездесу болды, жас медицина саласындағы мамандарды шалғай ауылдарға тартуға, ауылдық жердегі медицина саласын дамытуға, жаңа буын волонтерлік қызметтерді қамтуға рухани әңгіме мен пікірлесу кездесулер ұйымдастырылды. Кездесу соңында ардагерлерге алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталды.

Мектеп жасындағы оқушыларды волонтерлік бағытта медицина саласын дамыту үлкен озықты мәселе, ауылдық жерде медицина мамандардың тапшылығы өте мол, кәсіби бағыт-бағдар беру аясында 10-11 сыныптардағы мектеп оқушылары медицина саласының қыр сырымен танысты.



## «Қан тобы» жобасы

**Жоба жетекшісі: Лутошкина Марина – «Целина» қоғамдық қорының волонтері.**

**Аймақ: Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Атбасар қаласы.**

**Мақсаты: Жастар арасында донорлық волонтерлікті дамыту және тұрақты донорлар санын арттыру.**

**Волонтерлер саны: 24 волонтер.**

**Бенефициар саны: 100 адам.**

«Целина» қоғамдық қорының волонтерлері облыстық қан орталығы және Атбасар қалалық филиалымен бірлесіп, қала тұрғындарының арасында қан донорлығына байланысты түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Донорлық қан тапсыру, қан қабылдау пункті жайлы жастарды хабардар ету мақсатында, халық көп шоғырланған жерлерде арнайы дайындалған брошюралар таратылды.

Қан орталығына шағын грантқа бөлінген қаражат есебінен ақпараттық стенд және фотозона жасалынды. Ол донорларға қан тапсыру жайлы ақпараттарды көбірек білуге үлкен септігін тигізді. Сонымен қатар, әрбір қан тапсыруға келген донорларға арнайы естелік сыйлықтары (саптыаяқ, шоппер) табысталды.



Жастар арасында донор болуға қызуғышылықты арттыру мақсатында оқыту семинар-тренингтері ұйымдастырылды. Тренингте энерджайзерлер, топтық және командалық жұмыс, шағын топтардағы тапсырмалар, викторина өткізілді. Үздіктерге донорлық бойынша кәдесыйлар тапсырылды. Сондай-ақ тренингтің әрбір қатысушысы сауалнамадан өтіп, оларға үлестірме материалдар табысталды. Жобаның белсенді донорлары мен волонтерлері марапатталды. Кездесу соңында кофе-брейк өткізіліп, жақсы көңіл-күйде іс-шара аяқталды. Тренинг сәтті және нәтижелі өтті. Қатысушылар бейресми оқыту әдістері арқылы пайдалы және сенімді ақпарат алды. Іс-шарада тұрақты донорлардың болуы жастарды қан тапсыруға ынталандыруға көмектесті.



Аталған жоба Ақмола облысында тұрақты донорлардың санын арттыруға үлкен септігін тигізді, себебі аудандық ауруханадағы ауыр халдегі науқастарға донорлық қан әрқашан да қажет.



## «Мейірім» жастар денсаулық орталығы жобасы

**Жоба жетекшісі: Асқанбаев Дархан Сұңғатұлы.**

**Аймақ: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы.**

**Мақсаты: Жетісу облысы жастарына бірыңғай жастар денсаулық орталығын ұйымдастыру, жастардың түрлі медициналық, оның ішінде салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша, сонымен қатар психологиялық, заңгерлік бағыттағы кеңес беру, қолдау, бағыттау нысанында жұмыс жүргізу.**

**Волонтерлер саны: 50 волонтер.**

**Бенефициар саны: 35 науқас.**

«Мейірім 2020» еріктілер қозғалысының волонтерлері облыс жастарының арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша іс-шаралар ұйымдастырды. Қала тұрғындары көп шоғырланған жерлерде «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» және «Темекіні тәттіге айырбаста» акциялары ұйымдастырылды. Аталған іс-шараларда ақпараттық парақшалар таратылып, волонтерлер салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығын түсіндіру жұмыстарымен айналысты.

Облыстық қан орталығымен бірлесіп, «Донор бол» акциясы ұйымдастырылды. Акция барысында волонтерлер медицина қызметкерлерімен бірге, насихаттау жұмыстарын жүргізіп, қан доноры болудың пайдасы туралы ақпараттар таратты. Нәтижесінде, қан орталығына келушілердің саны өсті.



Облыстық онкологиялық диспансердің ауыр жағдайдағы науқастарына тұрақты түрде паллиативтік көмек көрсетуге волонтерлер жұмылдырылды. Гигиеналық процедураларды орындау, дәрі-дәрмектерді беру, тамақтандыру, жараларды өңдеу, бөлмелердегі санитарлық тазалықты сақтау жұмыстары бойынша жәрдемдесті. Ауыр жағдайдағы науқастардың көңілін көтеру мақсатында, бірлесіп кинотуындылар көріп, кітап оқып, әңгіме-сұхбат құрып, бірер сәтке болсын аурулары жайлы ойламауға мүмкіндік сыйлады.



Волонтерлерге № 2 қалалық емханасының валеолог дәрігері арнайы семинар-тренингтер ұйымдастырып, тәжірибелік дағдыларын манекендерде шындауға мүмкіндік туғызды. Волонтерлер алған дағдыларын халық арасында алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша курстарда үйрететін болады.





## «Тіс саулығы – ұлт саулығы» жобасы

**Жоба жетекшісі: Хасанов Суннатулла Хурсанд улы**

**Аймақ: Алматы қаласы**

**Мақсаты: Алматы қаласындағы балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, мектеп оқушыларының ауыз қуысы мен тістерін профилактикалық тексерістен өткізу.**

**Волонтерлер саны: 50 волонтер.**

**Бенефициар саны: 300 науқас.**



С.Ж.Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университетінің волонтерлері Алматы қаласында орналасқан бірқатар балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, мектеп, интернат оқушыларының ауыз қуысы мен тістерін профилактикалық тексерістен өткізді. Жобаға стоматология факультетінің оқытушылары, дәрігер-интерндер белсене қатысып, кәсіби деңгейде көмектерін көрсетті.

Шағын грант қаражатына дәрігерлерге қажетті бір реттік қолданысқа арналған стоматологиялық жинақ, әрбір балаға тіс щеткасы, тісті дұрыс тазалау, ауыз қуысының гигиенасы жайлы ақпарат қағазы, дәрумендер сатып алынып, сыйға тартылды.





**Жобаның әлеуметтік маңыздылығы өте жоғары, себебі стоматологиялық аурулардың алдын алуы бала кезден басталады және көп жағдайда әсіресе балалар үйінің тәрбиеленушілеріне тіс емдеу қаражат жағынан қолжетімсіз болғандықтан, қиындық туғызып жатады. Ал бұл жобадан, балалар үйінің тәрбиеленушілеріне ем қажет болған жағдайда, университеттік клиникада емделуге мүмкіндік жасалды.**



## «Saqtansaq saqtaidy» жобасы

**Жоба жетекшісі: Бекматов Нұрасыл Жасұланұлы – «Ой бренд» қоғамдық қорының волонтері**

**Аймақ: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы.**

**Мақсаты: Денсаулық сақтау саласындағы волонтер-медиктердің практикалық білім алуына жәрдемдесу, волонтер жастардың ортасын қалыптастыру, өңірдегі денсаулық сақтау саласындағы бірнеше проблемалардың түпкілікті шешімін табуға ықпал ету, жастарды салауатты өмір салтын ұстауға насихаттау, медициналық, әлеуметтік, заңгерлік көмек көрсету және кәсіби сала мамандарымен кеңес беру.**

**Волонтерлер саны: 50 волонтер.**

**Бенефициар саны: 35 науқас.**

«Ой бренд» қоғамдық қорының волонтерлері Қызылорда облысы Қармақшы ауданында науқастарға заңгерлік, психологиялық және қарттарға әлеуметтік көмектерін көрсетіп, әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу мақсатында акциялар ұйымдастырды. Біліктілігі жоғары психологтарды тарта отырып көп балалы, аз қамтылған отбасыларға және т.б. қажетті топтарға тегін кеңес берілді. Жастар ресурстық орталығының заңгерімен бірге алтын алқа, күміс алқа отбасыларды, емхана науқастарына, белсенділерге және т.б. заңгерлік көмек көрсетілді.

Аудандағы жалғыз басты 30 қарттың үйіне мекен-жайлық көмек көрсетілді. Қарттарға әлеуметтік-медициналық көмек көрсетілді. Олардың денсаулық жағдайы бақылауға алынып, волонтер-медиктердің штабының мүшелері тәуліктік кезекшілік жұмыстарын жүргізді. Жоба арқылы қариялар дәрі-дәрмектермен, дәрумендермен, ыстық тағамдармен қамтамасыз етілді.





Ауданда жәдел-жәрдем қызметіне бір тәуліктің ішінде мыңға жуық қоңырау келіп түседі. Фельдшерлер мен медицина қызметкерлерінің жұмыстарына көмек көрсету үшін волонтер-медиктер тартылды. Волонтерлар қоңырау түскен аймаққа жедел-жәрдем өкілдерімен барып, алғашқы жәрдемдерді көрсетті.



Автомобиль арнайы медицина мамандарымен бірге аудан орталығынан шалғайда орналасқан елдімекендерге медициналық керуен жасады. Елдімекен халқы медициналық көмекке автомобильде орналасқан құрылғылардың көмегімен тегін жүгіну мүмкіндігіне ие болды.

Ең белсенді волонтерлерге ұйымдастырушылар атынан арнайы сертификаттар мен сыйлықтар табыс етілді.



## «3-10 жас аралығындағы ерекше балаларға арналған дамыту курсы» жобасы

**Жоба жетекшісі: Қалдыбай Рухия Бердібекқызы – «Мәңгілік ел Маңғыстау» жеке қорының директоры**

**Аймақ: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы**

**Мақсаты: Жаңаөзен қаласындағы әлеуметтік осал топқа жататын отбасылардағы ерекше қажеттілігі бар балаларға мамандандырылған көмек көрсету.**

**Волонтерлер саны: 23 волонтер.**


**Бенефициар саны: 30 науқас.**

«Мәңгілік ел Маңғыстау» жеке қорының волонтерлері Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласындағы әлеуметтік осал топқа жататын отбасылардағы ерекше қажеттілігі бар науқастар балаларға мамандандырылған көмек көрсетті. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының статистикасы бойынша, 2020 жылы Маңғыстау облысында 16 жасқа дейінгі 3004 мүгедек бала тіркелген. Олардың көпшілігі логопед, дефектолог, психолог, монтессори, арт-терапия мамандарының көмектеріне мұқтаж.



Жоғарыда көрсетілген статистиканы негізге ала отырып арнайы дайындалған бағдарламаның көмегімен интеллектісі сақталған балалар оқытудан өтті. Интеллектісі сақталған 30 ерекше баламен 19 бағыт бойынша жұмыс жасалды. Бұл балалар төмендегідей оқытудан өтті:

- АВА-терапиясы
- Монтессори бағдарламасы
- АВК
- Емдік дене тәрбиесі
- Сенсорлы интеграция
- Логопед+дефектолог
- Логомассаж+криомассаж+зонды массажы
- Құм терапиясы
- Ертегі терапиясы
- Сурет терапиясы
- Мандала терапиясы
- Ритмика терапиясы
- Музыка терапиясы



Балалар орталығына келген балалардың психо-физиологиялық мүмкіндігі дамыды, өз-өзіне сенім артты, өзін-өзі бағалай білуге, қоршаған ортасына сүйіспеншілікпен қарауына жол ашылды. Оқудағы негізгі қиындықтары жойлады. Жағымды мінез-құлық қалыптасты.


## «Салауатты өмір салты» жобасы

**Жоба жетекшісі: Абуова Махаббат Куанышевна – «Жастардың нұрлы жолы» жастар қоғамдық бірлестігінің төрайымы**  
**Аймақ: Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мүсірепов ауданы, Новоишимское ауылы.**

**Мақсаты: Салауатты өмір салтын насихаттау арқылы тұрғындардың денсаулығына деген көзқарасты өзгерту.**

**Волонтерлер саны: 3 волонтер.**

**Бенефициар саны: 25 қатысушы.**



«Жастардың нұрлы жолы» жастар қоғамдық бірлестігінің волонтерлері аудан мен ауыл тұрғындарына салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастырды. Аудан жұртшылығының қатысуымен стадионда таңғы жаттығулар ұйымдастырылды, салауатты өмір салты бойынша релаксация, сабақтар, әңгімелер мен кездесулер үшін демалыс бөлмесі ашылды, «Денсаулық жолында» квест ойындары өткізілді.

Әлеуметтік желі арқылы «Спорт-бұл өмір!» атты челендж, футбол, баскетбол, волейболдан аудандық спорттық жарыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздар арнайы сыйлықтармен марапатталды.





**Жобаға қатысушылардың сырқаттану деңгейін төмендету, жобаға қатысушылардың дене шынықтыруды жетілдіруге, дене шынықтырудың құндылығын ашуға қызығушылығын арттыру, бұқаралық спорттық жарыстарды ұйымдастыру, отбасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, релаксация үшін демалыс бөлмесін құру, жеке гигиена ережелерін сақтайтын жастар мен балалар санын ұлғайту, күн тәртібін сақтайтын балалар мен жастар санын ұлғайту міндеттері орындалды.**







**CISC**  
Civil Initiatives Support Center



**SAÝLYQ**  
birgemiz



**Qazaqstan**  
Medısına  
Jastary

**Шағын грант “Birgemiz Saulyq” жалпыұлттық жобасы аясында,  
Республикалық деңгейде “Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы”  
КЕАҚ-ның әлеуметтік гранты шеңберінде жүзеге асырылды.**

**Алматы 2022**

**ISBN 978-601-305-502-2**



**9 786013 055022**